

Л 2005  
5978 к

Амантай САТАЕВ

Түңгизик тагы  
түңгизик таф






Амантай САТАЕВ

Мұңшық тағы  
тұңшық тағ

Әдеби зерттеулер мен эссе-хикаяттар



“Елорда”  
Астана - 2004

ББК 83.3 Қаз

С 23

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Сатаев А.**

**С 23** Тұңғыықтағы тұнықтар.

*Әдеби зерттеулер мен эссе-хикаяттар.* — Астана:

Елорда, 2004. — 432 б.

ISBN 9965-06-361-3

Артына әдеби мол мұра қалдырған Амантай Сатаев бір сырлы, сегіз қырлы қаламгер еді. Ол: жазушы, тарихшы, драматург, киносценарийші, этнограф, аудармашы болды. Шығармаларының, әдеби зерттеу мақалаларының кейіпкерлері — Аттила, Абылай хан, Бөгенбай батыр, Нияз батыр, Абай, Тәттімбет, Төле би, Шоқан, Мұстафа, Әміре сынды тарихи тұлғаларымыз. Өзінің өмір, тіршілік туралы жазған әңгіме-хикаяттары да аз емес. Мына жинағына құнды қыруар еңбегінің бір бөлігі ғана енгізілді.

С  $\frac{4603020100}{450(05)-04}$



ББК 83.3 Қаз

ISBN 9965-06-361-3

© Сатаев А., 2004

© “Елорда”, 2004

---

---

## АТТИЛА—ОТТЫЛЫ

### ЖАЛАНЫ МОЛ АРҚАЛАҒАН ЖИҺАНГЕР

**О**ттылы!  
Бұл есім біздің елімізде соңғы жылдары ғана жиі атала бастады. Бұл да болса рухани едәуір есейгеніміздің, ержеткендігіміздің айғағы.

Оттылы! Грегориан жыл санауының алғашқы ғасырларының ең түйінді тұсы — Шығыстағы ғұн-түркі елдерінің жаппай қозғалысқа келіп, үдіре көшіп батысқа бағыт алуы. Ұлы көш кезеңі Еуропа тарихнамасында көп аталмайды, аталса да аңыз-ертегі шеңберімен шеңгелденіп, исланд, норвег, швед, аламан - неміс, франк, англо-саксон дастан-жырларының ығында суреттеліп, баяндалуы басым.

Атап айтсақ, төртінші-бесінші-алтыншы ғасыр аралығы адамзат тарихында тым жұтаң зерттеліп, ғұндар рухы ғылым науқанынан шет қақпай қалып келді. Әсіресе, бесінші ғасырдың орта тұсында Еуропадағы сак, ғұн-түркі тайпаларының әділ басшысы болған Оттылы есімін атау сол тұстағы, сондай-ақ онан кейінгі тарихшы-ғалымдарға тым қиынға соқты.

Шығыстағы Алтай мен Хан-Тәңіріні мекен еткен ежелгі түркі тайпаларының бірінде темір, мыс, қола қорытып, көрік басып, төске балға соғушылардың қауымынан шыққан Еділ — Оттылының бала кезіндегі есімі Қонжық, яғни аю — Монжықтың немересі, Тартының баласы. Сол тұстағы көне ғұн-түркі тайпаларының дәстүр-салты бойынша ел аузына іліккен ұл баланың бірнеше есімі болған. Күнби-нұсқа Монжық — шебердің немересі — Тартының баласы өсе келе өзі ұста болып, ошағынан, көрігінен күні-түні отты үзбегені үшін Оттылы атанған.

Ұлы көштің алдыңғы легінде Еуропа елдеріне ертерек жеткен ғұн-түркілердің арасында Монжық пен Тартының да туған-туыстары көп болған. Солардың алды — Баламір, Қодан, Ұлдостардың шақыруымен “ел-жер көрсін”



деген игі ниетпен он екі—он үш жасар Оттылыны атасы Монжық Гесперия (Батыс Рим империясы. — А. С.) еліне, “аманатқа” аттандырған. Мұнда Оттылы Гесперия императоры Гонорийдің тәрбиесіндегі он үш баланың бірі болған. Осы маңдағы, атап айтқанда, Көріп-ата тауларындағы сақ, ғұн-түркі тайпаларының жетекшісі Ұлдос жерлеселдесі, әрі жиені Оттылының хал-жайын жылдың әр тоқсаны сайын біліп тұрған. Оттылының қасында күтуші-қорғаушы ретінде Далба есімді батыр жүрген. Бұл тарихи деректерді “Құдіреттің камшысы” атты Аттила жайлы бітпей қалған романның авторы Евгений Замятиннің жинап, зерттеген құжаттарынан айқын аңғаруға болады.

Еуропа ортасында өткен ғасырда күн кешіп, нан табу үшін пьеса киносценарий жазған орыс қаламгерлерінің шығармашылық өміріне сыни көзқараспен қараған Зинаида Шаховская да Аттила өмірін зерттеп, Голливуд үшін киносценарий жазбаққа ниет еткен. Голливуд, басқа да Еуропа киностудиялары басшыларының Замятин мен Шаховская сценарийлеріне көңілдері толмаған. Себебі, бұл авторлар Аттиланы жетігірек зерттегендіктен ғұн көсеміне жала жабудан тайқақтаған. Бұл — екі автордың да Аттила өмірін Еуропа архивтері мен кітапханаларындағы мол құжаттармен, рухани еңбектермен жете танысқаннан кейінгі әділ тұжырымдары.

Орыс жазушысы Евгений Замятин Аттила жайлы пьесасын Ресейде жаза бастаған, сондықтан да албырт жас автор трагедия жанрындағы Шекспир стиліне ден қойып, Аттила өмірінің соңғы сәтін ағылшынның ұлы драматургының үрдісінде шешпекке талпынған. Орыс қаламгері ғұн патшасы туралы француз драматургы Пьер Корнель (1606—1684) мен неміс жазушысы Цахариас Вернердің (1768—1823) жазған жадағай-жайдақтау драмалық шығармаларынан бөлектеу, соны жол табуға ұмтылған. Бірақ Замятиннің бұл пьесасы тарихи негізден алыстап, ниеті орындалмай, жаңсақтау кеткен. Драматургияда Замятиннің Шекспир ізін үлгі еткендігі оның “Аттила” трагедиясынан анық аңғарылады.

Шекспир демекші, әлем драматургиясының бұл алыбы да Аттила тақырыбын айналсоқтап өткен сыңайлы. Ағылшын драматургының қаламынан “Отелло” атты пьесасы туған. Аттила мен Отелло. Есім ұқсастығын былай

қойғанда, екеуі де еуропалықтарға жаттау, алыстау нәсілдің өкілдері. Шекспир пьесасындағы басты кейіпкер — Мавр. Ол қызғаныштан әйелі Дездемонаны мерт етеді. Драматург шығармасына желі болған оқиғаны Аттила басына ешбір қиналмай-ақ шоғырландыруға болады. Тарихи Аттила ғұн тайпасының өкілі, Шекспир кейіпкері Мавр. Бұл бір.

Екіншіден, осы айналадағы әйел мәселесінде де қарама-қарсы ұқсастық, үндестік бар. Отелло қызғаныштан “ақ періште” аталған әйелі Дездемонаны төсекте буындырып өлтіреді. Тарихтағы Аттила үйлену тойы тарқаған түні бұргунд қаншайымы Ильдиконың құшағында қаза тапты. Бұл — драматургиялық шығарма, оның асқақ саласы — трагедия үшін таптырмайтын әдеби тәсілге дәнекер.

Шекспир Отелло есімін осы Аттиладан өрбіткені бірден байқалады. Еуропа гуманитарлық ілімінде Аттиланың соңғы төсекте төс түйістірген әйелінің есімі, ғұн патшасының өз нәмі секілді әрқилы аталып келеді. Аттиланың ақырғы түнде бірге болған нақсүйерінің есімі ғұн-қыпшақ этнонимы — Елікке жақындаса, жонан-ұрым жағынан Диананы еске салады.

Тарихи еңбектердің біразында, әсіресе орта ғасырлық діни негізде жазылған кітаптарда Ильдиконы Аттиланы өлтірген қаһарман қатын бейнесінде суреттеуге әуес. Өз тұсында бүкіл әлемді тітіреткен Аттила сынды қолбасшы-жиһангерді сол тұстағы Ұрым императоры отбасынан шыққан Гонория есімді көрікті де сымбатты әйелдің жақсы көріп, сүйгенін ұмытпағанымыз ләзім.

Аттила мен Ильдиконың жар төсегіндегі түні әлі күнге дейін әрсаққа жүгіртіліп, бұрмалана баяндалуға таптырмайтын детектив сарындас тақырып болып келеді. Шекспир болса, “Отелло” трагедиясында Маврдың ақ нәсілді әйелі — Дездемонаға деген асқақ махаббатын паш етеді. “Отелло жаратылысынан қызғаншақ емес, керісінше — сенгіш”, деген орыс ақыны А. С. Пушкин сөзі тұтастай тарихи Аттилаға дөп келеді. Аттила өте сенгіш, жалғандыққа жаны қас, тіпті жауларына да көп арада мейірімдік жасаған қолбасшы екенін өзінен жарты ғасыр кейін, басқа тарихшылардың жазбаларын ұрлап-қарлап, із тастамау үшін олардың қолтаңба—түпнұсқаларын өртеп, жойып жіберіп отырған плагиат Иордан дегеннің жымысқы еңбегінен айқын көруге болады.

Иорданды біреулер вестгот, енді біреулер алан, тағы бірқатар зерттеуші еврей екен деп жазады. Ұлты, тайпасы кім болса да, өз заманының зұлым жаны болғаны басты еңбегі “Готтардың шығу тегі мен істері” деген өзінен бұрынғы әр автордан үзіп-жұлып құраған туындысынан толық елес беріп тұр.

Аттилаға байланысты тарихи еңбектердің көбіне-көбі ғасырлар бойы осы Иордан салған ізге түскенін зерделі зерттеуші бірден байқайды. Оның үстіне осы ғылыми еңбектердің көбінде “қанышер”, “зұлым”, “өрескел”, “тағы”, “жабайы”, “анайы” дегендей былапыт, нас та лас сөздерден аяқ алып жүре алмайсыз. Көп арада мұндай теңеулер Оттылы-Аттилаға тым негізсіз телінгені, мұндай жағымсыз үрдісті, әсіресе христиан дінінің уағызшылары мен сол дінді дәріптеуші жазушылар мен суретшілердің еңбектерінде молынан пайдаланғаны бірден аңғарылады. Соның өзінде Аттила-Оттылының барынша әділетті, тіпті көп арада жауларының өзіне кешірімді жан екендігі, жетім-жесірге әр кез қамқор, пана болғаны, адамдарды сөзімен де, көзімен де ертіп, сарбаздарын, жанкешті ұландарын жауларына қарсы қайрап, бастай білетін әскери қолбасшылығын қаншалық елегілері келмегенмен, еуропалық авторлар өз туындыларында оның ерекше дарынды жиһангер болғанын жасыра алмай, жазып қояды. Ал әдеби, жыр-дастандардағы Аттила бейнесі — ерекше зерттейтін үлкен тақырып.

Ғұндар патшасы Оттылы-Аттила өмірі мен жорықтары әлем әдебиетінде, әсіресе, драматургия жанрында көп туындылар туғызды. Мәселенің осы тұсына зерттеуші — тарихшы С. Өтениязов “Аттила” атты еңбегінде едәуір орын берген.

Қазірде көркем әдебиет пен кинода батыс қаламгерлері мен Американың, дәлірек айтсақ, Голливудтың кино қайраткерлері де ешбір қалыс қалар емес. Аттила жайлы роман, повесть жазатындар көбінесе бүрқіншек атпен жариялайтын болып жүр. “Дүдәмал оқиғаларға толы тарих” айдарымен Феликс Дан деген неміс қаламгері “Римнің күйреуі” және “Аттила” атты кітап жариялапты. Орыс тіліне де жедел аударылған. Неміс жазушысы Аттила тарихын тым үстірт білетін жан екенін бірден байқа-тып алған. Ол ғұндарды адам етін жейтін каннибалдар



ретінде бейнелеген. Басқа да былықтары толып жатыр. Көркемөнерде Аттила атын саудаға салушылар мұнымен тиылмайды. “Көшпенділер” баспа үйі Томас Костейн дегеннің “Аттила — әлемді билеуші” атты тарихи романын жариялады. Автордың ұлты белгісіз, романның қай тілден аударылғаны да беймәлім. Әйтеуір, кітаптың жауапты редакторы Қозыкөрпеш Есенберлин деп көрсетіліпті. Шығарма тарихи негізі жоқ, шала сауатты жандардың өлі туындысы деуге әбден саяды.

Әлем киноөндірісінің орталығы саналатын Голливуд Аттила өміріне екі мәрте құлаш сермеді. Біріншісі — 1954 жылы Лауриентис деген кинорежиссердің дін иелерінің қаражатымен жасалған фильмі екені бірден байқалды. Олай дейтініміз: Аттила Ватикан патшасының тілін алып, Рим қаласын талқандаудан бас тартып, кейін шегінеді. Бұл арада мистикалық әдістер де кеңінен пайдаланылған: аспаннан крест көрінуі, т.б. осы секілді қияли кереметтердің әсері ғұн қолбасшысын райынан қайтарды дегендей тұжырымға жетелейді.

Голливуд Аттила тақырыбына 2001 жылы қайта оралды. Бұл жолы кинотехнологияның ең жаңа әдістерін молынан пайдаланып, ғұн қолбасшысының римдік генерал Флавиймен арпалысулары ақылмен де, сондай-ақ шайқас даласындағы жекпе-жектермен де көркем шешуге бағыттаған. Голливуд өртісі Жерар Батлер ойнаған Аттиланың іс-әрекетінің бәрі осы “американ кино өндірісінің шикізаты”. Мұнда да кинорежиссер Дик Лоури мен продюссер әрі сценарист Роберт Кахран Аттила заманындағы тарихи ақиқатты белден басып, өздеріне ыңғайлы драмалық арнамен жиһангер өмірнамасын мүлдем өзгертіп жіберген.

Бұл фильмдегі тарихи шындықтың бұрмалануы өз алдына, ғұндарды алба-жұлба киінген, тұрақтарының өзі қиқы-жиқы қолапайсыз салынған құрылыстар мен қу тақырға орналасқан тұрпайы тайпалар ретінде көрсетуді ниет еткен. Тіпті американдық киношылар ғұндарды тым сұрғылт та сүрең өмірдің өкілдері ретінде көрсетпек болған. Асылында Аттила-Оттылы мемлекетімен келіссөз жүргізген көптеген елдердің елшілік есептерімен хат танитын саяхатшы-жүргіншілердің жазбаларына жүгінсек, Аттиланың көшпелі ордасы үлкен өркениеттің үлгісі болған. Бір ғана Аттила семсерін алалық.

Аттила семсері — Еуропа елдеріне аңыз болып кеткен қасиетті де киелі, асыл да ардақты қару.

Аттила семсерін қолдарында ұстау бертінге дейін зор мақсат, үлкен арман болып келгендігі Грааль аңызы мен Нибелунг дастандарында астасып, үндесіп жатады. Бүгінгі Венгрия ғалымдары Аттила семсері жайлы үлкен зерттеулер жасап, ғылыми еңбектер жариялады. Батыстың бас ғалымдары мен қаламгерлері оны Зигфирд семсері деп жырлады. Тіпті батыстың ірі философ-қаламгері Фридрих Ницше “Заратустра солай деген” атты шығармасының бастапқы парақтарында Аттила есіміне де көңіл бөлсе керек. Басқа ғалымдардың ықпалы Ницшеге арғу-ғұн көсемінің есімінен бас тарттырған сыңайлы.

Аттила!

Бұл есім біздің елімізде соңғы жылдары ғана атала бастады. Мұның өзі біздің рухани жағынан бір елі де болса өскендігіміздің айғағы.

Аттила! Жаңа дәуірдің алғашқы ғасырларының ең түйінді тұсы — халықтардың жаппай қозғалысқа келіп, ұлы көші кезінде өмір сүрген қарапайым ғана ежелгі түркі тайпаларының бірінде темір қорытып: көрік басып, төс түзеп, балға соғушылардың қатарынан шыққан қажырлы жан. Сол кездегі нәм беру, ат қою дәстүр-салтына байланысты бұл адамның бірнеше есімі болған. Мұның өзі — өз алдына ерекше зерттейтін дара да қажетті тақырып. Адамзат тарихына бұл жиһангер Аттила, аламандарша айтсақ, Этцель деген нәммен орнықты. Этцель неміс тілінде “көсем” деген сөз. Аттила жайлы аңыз-дастан, ғылыми еңбектер, көркем шығармалар баршылық...

Осы дәуірдің бесінші-алтыншы ғасырынан бастап қолына қалам ұстап, өзін “ойлымын, саналымын” деген жанның бірде-бірі өлем шежіресін жазғанда Аттила есімін айналып өтпеген. Еуропа құрлығында Аттила-Этцель-Оттылы есімі қарапайым да әйгілі жауынгер ретінде де, құбыжық қанышер бейнесінде де суреттеліп, жазылып, зерттеліп келеді. Көп арада жалған жала жабылғаны, тіпті пендешілікпен Аттила-Этцель-Оттылы жасамаған әлемдік бүлік істерді “сол жасады”, “сол қырды”, “сол күйретті”, “сол жойды”, “сол өртеді” деген жалған сөз тіркестерінің астарына шығып, тіпті Оттылының өз тұстастары жазған естеліктері мен қолжазбаларын қасақана бұрмалап, Атти-

ланың ақиқат істері мен шын келбет-бейнесіне шіркеу келтіруге жанталасып баққан “жазғыштар тобы” императорлық Ұрым мен шығыстың Византия Румей заманында да мол еді, бір ғажабы: кейінгі ғасырларда мұндай жалған жазғыштар “күпінің битіндей” тіпті көбейіп кеткен...

Бұлардың ең алғы легінде ұлты, шыққан тегі жұмбақтау, негізгі кәсібі белгісіздеу, өзінен бұрынғы тарихшылардың жазба туындыларын жиып алып, солардан құранды тарихи шежіре қиюластырып, біріктірген Иордан деген плагиат-нотариус түр. Иордан құрастырған “Готтардың шығу тарихы мен олардың істері” деген кітап Мәскеу қаласында баспадан шықты. Иордан туындысы өзінен бұрынғы тарихшыларды қасақана бұрмалап, автордың өзіне жақпаған көне сақ, арғу, ғұн тайпаларының істерін қоюлата қаралап, өзіне қажет қолайлы оқиғаларды дабырайта мақтап, ақиқатты аяқ асты етіп отырғанын Ресей тарихшылары да бірден байқап, алғы сөз, қосымша түсініктемелерінде Иорданның тым жалғаншыл автор екенін еріксіз мойындап келеді.

Тек Еуропа тарихшы-ғалымдарының, оларға ілесе Ресей діни шежірешілерінің, бертін келе кеңестік тарих зерттеушілерінің айрықша бұрмалап, басқа бағытқа бұрып жіберуге барынша күш-жігер салған салалары ғұндар, яғни көне түркілер, сақтар тарихына саналы түрде тосқауыл қойып келгендігі айқындалуда. Ежелгі тарихтағы арғу-ғұн секілді жауынгер де жанкешті, адал да аңғал көшпелі рутайпалардың шынайы өмір суреттерін бейнелеуде пендешілікпен, бұрмалау бағытына түскендігін Еуропаның, тіпті жаңа әлем саналатын Американың есті, зиялы ғалымдары мойындай бастады.

Көшпелілер өркениетін, оның ішінде сақ, түркі-ғұндар тарихын, шамамыз келгенше, парақтап оқып, тарақтап зерттеп, зерделеп алмайынша көне тарихымыз көз алдымызда тұманданып, тұмауратып тұра береді.

Бүгінгі біздің басты сорымыз — жалпылама сөйлеп, нақтылыққа бармай, орды айналып өтетін оқырақ табан малдың ізіндей, көбіне одағай шауып, “тисе терекке, тимесе бұтаққа” тәсілімен жүріп жатқан жайымыз бар. Көп жазамыз, асығып-аптығып жазамыз. Тайыз білсек те қамтып, қарбытып тастағымыз келеді. Осыдан барып өркениетті елдердің есті ғалымдарының алдында артымыз ашылып қала береді...

Әр саланың өзінің ілімдік жолы, ол жолға қалай түсудің күйтырқы бұралаң соқпақтары бар. Мәселен, осы өзіміз сөз еткелі отырған тарих ғылымының көмекші салаларының өзі бір эшелонға жүк болардай рухани дүние. Біздің дүмше тарихшыларымыз көмекші салалар дегенді, әсіресе, тарихи деректерді зерттеу, археография, палеография, топонимика, этнология, археология тағы басқа осындай тарихтың жанама арналарына ешбір мән бермей, “сөз білеміз, сөйлеу білеміз, оны қағазға түсіре білеміз” дегендей дақпырт тәртіппен тарихқа жайдақ мініп, жадағай шабуға әуес.

“Сақ” пен “скифты”, “ғұн” мен “хунды”, “түркі мен түрікті” жеке-жеке халық, тайпа, рулар деп жаза бердік, әлі де солай жазып келеміз. Көп арада тарихшы-ғалымдарымыз Кирдың, Дарттың, Александр Македонскийдің қазақ-шағатай-түркі шежірелері мен қолжазбаларындағы есімдері Махмұд Қашқаридан бері қарай Күріш, Дарап, Ескендір Зұлқарнайын болып жазылып келе жатқанын, ел аттарының өзі Грециямыз — Жонан, Египетіміз — Мысыр, Италиямыз — Ұрым елі аталып келгеніне түркі-шағатай жазбаларын оқи білетін оқымыстылар дау айтпас деп ойлаймыз.

Аттила жайлы сөз болғанда көне топоним мен этноним мәселесіне ерекше мән берілгені ләзім. Онсыз Аттила тарихы біз үшін көмескі тартып, ұлы көш шежіресінің түсініксіз тұстары мол болмақ. Аттиланың Алтай мен Алатау бөктерлерін етектей, Ертіс, Іле, Сырдария мен Амудария өзендерінің бойын жайлай көшкен ұлыс — тайпа, рулары Арқа жерін, Ырғыз бен Тобыл өлкесін. Жем мен Сағыз, Еділ мен Жайық аралықтарында еркін көшіп-қонып, құнарлы жерін игеріп, мал-жанына жайлы мекен еткен.

Арқа жеріндегі: Моншақты, Мыржық, Бөлекті, Бағылан, Шоқпар, Шұнақ, Шолақ, Қодан, Тарты, Талас, Бұланты, Тентек секілді көптеген топонимдер сол ғұн заманынан бері келе жатқан құпия сыры мол көне атаулар.

Аттиланың өскен ортасы бүгінгі қазақ жері екеніне ешкім шек келтірмейді. Ғұндардың осы ұлы даладан батысқа көшуі Аттила кезінен сәл бұрынырақ басталғанын Еуропа тарихшы-шежірелері мен осы мекен-жайлардың топонимдық атау аттары ешбір бұлтартпай дәлелдеп береді. Бір ғана аргу ұлысының көсемі — Қоданның есімі Еуропа

жер аттарында Данциг, одан Гданск болып әр кез өзгеріске түсіп келгеніне көне тарихшылардан бастап, бүгінгі ғалым-зерттеушілерге дейін көз жеткізіп, діттей бастады. Бірақ, ашып айтқылары келмейді. Әйткенмен Еуропаның қақ төрінен орын алған Паннония — Хунгария, былайша айтсақ, Мажарстан, қазақтың жалпақ тіліндегі мадиярлар, бүгінгі іргелі мемлекет — Венгрия осы алаптағы Аттила мен оның ордалы мемлекетінің іздері екені сөзсіз.

Бір ғана Испаниядағы Каталония, немесе Франциядағы Каталаун топонимдерінде көне сақ сөзінің сілемі бірден байқалады. “Хата” сақ тілінде “үй-жай” деген мағынаны білдірсе, Каталаун “құтты алаң” атауында таныс сөзімізге ұшырасамыз. Ежелгі германдық тайпалар тілінде “Гуттен” (гут-құт) “құтты” деген сөз екеніне лингвист-ғалымдар баяғыда-ақ көңіл аударған.

“Сөзге ерсең осы” дегендей, қайтадан Оттылы-Аттила айналасына оралайық. Алдымен бүгінгі тарихта кеңінен аталып жүрген “ғұн” этнонимына зер салалық.

Қытайлықтар теріскей-батыстағы көшпелі көршілерін “ғұн” атаған: бұл сөздің мағынасы “бір орында тұрмайтын тынымсыз салт атты” дегенге саяды. Көне чжунго-қытайлықтар теріскей-батыстан тыныштық бермеген, тектұрмас түркі тайпаларын олардың ірі әскербасы — Чжи-Чжидің есімімен де атаған. Бұған қоса Чжунго елбилеушілері түркілердің айбынды қолбасшылары — Мүдде, Чжи-чжи (біздіңше тынымсыз салт атты ұғымына сәйкес, келе-келе түркі елдері Шөже батыр, яғни Балапан баһадүр атап кеткен), Батыс Еуропа елдеріне алғаш ат маңдайын тіреген Ұлдан (батыс тарихшы-шежірелері Ульдин, Ульда, Ульдос деп еуропаша атап, жазып келген), Монжық, Тарты Аттила секілді ғұн-түркі сардарларынан қорғану үшін бүгінде әлемге әйгілі Ұлы Қытай қорғанының негізін қалап, оның құрылысын ғасырлар бойы үдете жүргізді.

Ғұн-түркі тайпаларының талай ұлыс боп ұйысқан жанкешті топтары шығысқа аттанғанда, екінші бір бөлігі Алтай, Тарбағатай, Жетісу, Арқа, Сыр бойын жайлап жүрген тайпа, ұлыс, рулар қауымы: атап айтқанда Баламір, Қодан, Арыс, Ұлдан, Арқау, Монжық, Тарты бастаған көшпелілер Ұлы қоныс аударушылар шеруіне қолбасшылық етіп, Көріп-ата (Карпаты) тауы арқылы Батыс Еуропаға басып кірді.

Бұл ұлы көшті бастаушылар өздері барған елдер мен жерлерге жаңа өмір лебін ала барды. Мұны байыбына бара зарттеген ақиқатшыл тарихшы-шежірешілер ғана анығына жетіп, қанығына тереңдей білді, шындығын жазды. Көбінесе даурықпа дақпыртпен көшпелілер мен ғұндарды анайы, жабайы, тағы, тұрпайы деп атауға төселіп алған еуропалық христиандық қаламшыларға еріп ғұндар мен Аттила өмірін зерттеуші тарихшы-қаламгерлер көпе-көрнеу жалғандыққа ұдайы барып отырған. Әйткенмен, Аттила сынды арғу-ғұн қолбасшысын өзі көрген, оның қасында болып, оның дастарқанынан ас-дәм татқан Максимин, Сенатор, Аристократ, Приск секілді елші-саясаткерлер Аттиланың өзі мен айналасының адамгершіл, мейірбанды, иман жүзді сөздеріне берік мәрт жандар екенін мойындап, өз жазбалары мен естеліктеріне түсіріп кеткен. Өкінішке орай, мұндай жазбаларды бір ғасыр өткен соң сол тұстанығайып, сес көрсете бастаған христиан діні иелерінің нұсқауымен, сондай-ақ өз ру-тайпасының бедел-абыройын көтеру үшін тарихқа трайбалистік көзқарасты тұңғыш енгізе бастаған Иордан секілді нотариус-көшірмешілер Максимин, Сенатор, Аристократ, Присктердің естелік-жазбаларынан өздеріне қажеттілерін ғана теріп алып, түпнұсқаны отқа тастап, жойып отырған. Осындай арам пиғыл, лайықсыз әрекеттерден бастау алған атүсті пікір келе-келе жоспарлы түрде жүргізілген саяси бағыт-бағдарламаға айналды. Еуропадағы Аттила туралы жазылған тарихи зерттеулер мен ғылыми еңбектер арғу-ғұн қолбасшысын ерекше бір жексұрын, құбыжық етіп көрсетіп, оған ергендерді қанішер, қатыгез жандар етіп бейнеледі. Аттила-Оттылы жайлы жазылған кейінгі еңбектерде мұндай ауытқу пікірлерден аяқ алып жүре алмайсың. Тіпті ХХ ғасырдың отызыншы жылдары Германия өкіметінің басына келген тұста Оттылы-Аттиланьы ту етіп көтермек болған Гитлер мен Геббельс те арғу-ғұн көсемінің Азиядан шыққан жиһангер-қаһарман екенін біліп, сезгеннен кейін, Аттиланьы өздерінен аластап, оны Сталинге теңеп, Батыс Еуропаны “жалмап қойған” молох, яғни жоқтан өзгеге табынушылардың атымен құрбандық шалуды, тасаттық жасауды талап ететін рақымсыз жойқын күштің символы ретінде түсіндіруге тырысты. Бұл үрдіс сақ-ғұндарға деген шөлкес-шалыс көзқарастың

тым ертеден бастау алып, қалыптаса бастаған идеологиялық концепцияға айналған шовинистік фашистік көзқарас екені бесенеден белгілі болып тұрды. Бұл концепцияны тек фашистердің басшылары ғана ұстанса ештеңе емес-ау. Сақ-ғұндар тарихына, әсіресе, олардың Аттила-Оттылы сынды қолбасшысына әлем елдерінің көптеген тарихшы-ғалымдары сона көзденіп шұқшиды. Сақ-ғұндар мен Аттила-Оттылыны ерекше жамандау IV ғасырда жасаған Ұрым тарихшысы Аммиан Марцеллина еңбектерінен орын алып, біз “туындыгерлігін” тілге тиек етіп отырған Иордан секілді батыстың жалған ғалым-шежірешілерінен бастау алады. Ұлы көш кезеңінің оқиғаларын өңін айналдырып суреттеп баяндауда бұлар қаламдарының қажыры мен қайратын аямады. Аттила мен ғұндарға деген жөн-жосықсыз жаланы Еуропаның ақиқатшыл білімдарларының өздері-ақ аңғарып, байқап қалған. Мәселен, XVII ғасырда өмір сүрген француздың ұлы ғалым-фөлсафашысы Жан-Жак Руссо бір жырында былай дейді:

“Сулланың, Рүмды қанға бөктіргенін жасырмақ болып, көтермелеп, марапаттап, мадақтаған кім еді?

Ескендір Зұлқарнайын қанды жорықтарын аса көтеріп, мақтап, дүдәмал даңқын асқақтата жырлаған кім еді?

Әділетті Аттиланы қанішер деп бүкіл әлемге жалған сөз тарата, көпе-көрнеу бұра сөйлеп, жала жапқан тағы кім?” (француз тілінен жолма-жол аударылды).

Жан-жак Руссоның бұл жыр жолдарын орыс халқының әйгілі ғалымы Михаил Ломоносов өз тіліне былайша тәржімалаған:

“Почтить ли токи те кровавы,  
Что в Риме Сулла проливал?  
Достойно ль в Александре славы,  
Что в Аттиле всяк злом признал?”.

Өз тұсында — XIX ғасырдың бел ортасында Франциядағы келеңсіз жайларға налыған әйгілі “Саламбо” (Аттила тарихына рухтас шығарма болғандықтан айтып отырмыз) романының авторы Гюстав Флобер досы Эрнест Шевальеге жазған бір хатында былай депті:

“Жеңіл етек әйел кебісінің жез өкшесі мен ез еркектің шалбарын көтеріп тұратын аспа жіп — резинаға айналған



кешегі сәулетті Францияны, о, Аттила, өзіңнің төрт жүз мың салт атты сарбаздарыңмен от-жалынға орап, қайта жаңғыртып, қалпына келтіру үшін осы елге қашан ғана қайырылып, дем салар екенсің!”

“Құдіретті тәңірім мені әрқашан қолтығымнан демеп, әр кез алға жетелейді деген екен Аттила” — деп жазады атақты француз қаламгері Александр Дюма.

Француз тарихшылары мен әдебиетшілері Аттила жайлы басқалардан гөрі молырақ жазды. Германия ғалымдары мен қаламгерлері Аттила-Этцельді бауыр тұтып, аңыз-дастандарынан көбірек орын берді. Аттила неміс тарихында Этцель, яғни Көсем аталып келді.

Ақиқатты аңыздан айырып алу оңай іс емес. Оның үстіне ғасырлар бойы айтылып келе жатқан аңыздың өз мақсаты болады. Мақсат пен аңыз қосарлана, қабаттаса келгенде тарихи шындықтың жол шетінде тұра тұратын кезі адамзат тарихында жиі кездесетін жайт екені ежелден белгілі.

“Егеменді Қазақстан” газеті 1993 жылғы, 1 қаңтар күні Қ. Ысқақұлы Шоңмұрынның “Бір ауыз ілтифат” атты мақаласын жариялады. Онда автор: “Тарихтағы бұл жорық Рұмның құлдық империясын құлатқан Әділхан (Аттила) бастаған арғындар сұрапылынан соң үш жүз жыл, яғни жаңа жыл санаудың 650 жылдары өтті десек, бүгінгі болғарлардың “біздің түпкі атамекеніміз Панагория” деуінде шындық бар. Қаратаудың бағзы заманындағы аты Панатау еді, баурайында Панакент деген қала болған деседі”.

Белгілі қаламгер Қалихан Ысқақұлының бұл мақаласы 1995 жылы баспадан шыққан “Садыбай—Байтана” шежіре-кітабына да енгізіліпті.

Бұл арада газет мақалаларындағы “үш жүз жыл” деген мерзімнің “екі жүз жыл” болғаны дұрысырақ. Газеттегілер жіберген қате болар деп түйдік. Әрине, көсемсөз шебері Қалихан үлкен жаңалықтың бетін ашты: тек Аттиланьң бастағаны арғулар ғана емес еді, сол бір бағзы заманда бүгінгі жер бетіндегі біраз мекендерге есімі топоним ретінде кіріп отырған арғындарды осылай атайтын.

Арғу-ғұндар екі мың жыл бұрын басталған халықтардың ұлы үдіре көшін жападан жалғыз жалқы бастаған жоқ. Бұл нөпір жөңкіліске басқа да ұлыс, тайпа, рулар молынан қатысты. Әу баста Баламір (“мірдің оғы”, “тілі мірдей екен”

ұғымдарымен қатар, “Мір” шаһары, “әмір” лақабы бертін келе мансап, шен, билік ұғымына ұласты) паң бастаған арғу-ғұн тайпалар одағы Батысқа бағыт алды. “Паң” деген сөз қазақ арасында қазір де бар, ал поляктарда бұл сөз “басшы”, “ауқатты”, “жетекші” деген ұғымды білдіреді. Баламір — паңнан кейін Еуропаға ендеп кіріп, елдене бастаған көшпелі ұлыс-руларды Ұлдос деген аққасқыр, яғни қыпшақ қолбасшысы бүгінгі тілмен айтсақ, Аттиланың нағашысы басқарған. Бұл жайында Евгений Замятин өзінің бітіре алмай кеткен “Құдіреттің қамшысы” атты романының алғашқы тарауларында нақтылы жазады. Бұл тұста арғу-ғұн түркілер арасында дәреже, шен ретінде “паң”, “шәнию”, “бас ию” деген мансап атауы болса керек. Хан, патша, сұлтан ұғымдары — кейінгі кезеңнің жемісі.

\* \* \*

Бүгінгі Италия осы дәуірдің IV ғасырының аяғы мен V ғасырда Батыс және Шығыс Рим империясы болып екіге бөлінген.

Батыс Рим — Гесперия мемлекеті атанған. Оның астанасы бірде Равенна, кейде Римнің өзі болып келген. Гесперия императорлары мен енді-енді белең ала бастаған христиан дін басылары Равенна мен Римді кезекпе-кезек астаналық мекен-тұрақ еткен.

Шығыс Рим империясын сол замандағы былайғы әлем, өсіресе, латын елдері Византия десе, христиан дін иелері “екінші Рим” атаған. Оның астанасы Константинополь, бүгінгі Түркияның ірі қаласы — Ыстанбұл.

Араб, түркі, парсының тарихшы-шежірешілері көп арада өз еңбектерінде Гесперияны — Румей, ал Византия — Константинопольді Ұрым деп жазып, өздерінің тарихи еңбектерінде осы есіммен қалдырған. Мәселенің осы тұсын ашып алмай, Аттила тарихына тереңірек зер салып зерттеу, түркі-араб әлеміндегі тарихи мұраны жете түсіну тіптен мүмкін емес.

Румей елі республика болып тұрған кезеңде билік басындағы жандар мемлекеттік қызметтері үшін ешқандай еңбекақы алмаған. Олар өкімет ісіне қоғамдық жұмыс деп қарап, оны ақы-пұлсыз атқарған. Мәртебелі, мансабы жоғары орындарға өздерінің ауқатты өкілдерін халықтың өзі сайлап, өкіл етіп жіберіп отырған.

Бертін келе, мемлекет басқару императорлық жүйеге ауыса бастаған шақта өкімет орындарындағы қағаз жазушылар мен ұсақ іс жүргізушілерге ғана еңбекақы тағайындалған. Көп жағдайда іс қағаздарын жазу, хат-хабарлар жолдап, оларды алып тарату, тіркеу істерін, сондай-ақ көз майын тауысып, бір орында тапжылмай отыруды қажет ететін түртінек жұмыстарды басыбайлы тұтқын құлдар атқарған.

Жылдар, тіпті ғасырлар өте Румей—Гесперия империясында “қағаз кемірушілер” арасынан кеңсе жұмыстарын ұйымдастырып, басқаратын ірі шенеуніктер шыға бастады. Міне, осы тұста өкімет орындары қалыптасып, ірі шенеуніктер, яғни олардың алдында кіріптар жандар тізбегі көбейді. Бұл бюрократияны тудырды. Күн озған сайын бюрократия бөркін баса киіп, қарапайым халықтың күнделікті өміріне ылаң сала бастады.

Императорлық билік пен бюрократия үрдісі шарықтау шегіне жеткен сәтте, яғни V-ғасырдың нақ ортасында арғуғұндар қолбасшысы Аттиланың атты әскері Румей мемлекеті мен оның айналасындағы бастары бірікпей жүрген князьдік, корольдік, графтықтарға ендеп кіре бастады. Бұл тұста, әсіресе, Гесперияға бюрократия мен автократияның толы қазаны іркіттей қайнап, тасып төгілуге жақындаған кезі еді. Осындай автократия мен бюрократия жайлаған өңірге далалық әскери демократияның жылы лебі жетті. Аттиланың көшпелі елі ұрыс-шайқастарда ерен ерліктерімен көзге түскен әскербасыларының мәжіліс-кеңесімен басқарылатын мемлекеттік құрылым еді. Бұл жайлы көптеген еуропа ғалымдары түрлі пікірлі көптеген ғылыми еңбектер қалдырды.

Аттиланың ел басқару салт-дәстүрі сонау Тұран өркениетінен, Геродот тарихында есімдері жазылған Ғұмыр, Иданфирс, Афросиаб бабаларынан бастау алады. Көпті көрген көнекөз ақсақалдар мен ғасырлар бойғы рухани қазына -шежірелер, дастан-жыраулар айтатын адамдар Аттила құрған мәжіліс — мәслихаттың төрінен құрметті орындар алған.

Олар аз сөйлеген, аз сөйлесе де мәз сөйлеген. Ақсақалдардың айтқандары аяқ асты қалмаған. Бұл салт Аттиланың қазық мекені — Тұран елінде бүгінге дейін сақталып, анда-санда елес беріп қоятынын да еске ала кеткен ләзім.

Аттила алдына келген елшіліктерді де Тұран дәстүрі бойынша зор инабатпен қарсы алған. Елшілер тиісті дәрежеде күтілген. “Елдестірімек—елшіден” деген арғу-ғұн, түркі аталарының дәстүрін Аттила айналасы да мығым ұстаған.

Ол кезде елшіліктер күнделіктерін латын-жонан тілдерінде жүргізгені тарихтан мәлім. Мәселен, 436 жылы Шығыстың консулы ретінде Флавий Сенатор деген ұрымдық тіркелген. Флавий деген көне түркі тілінде Құла деген мағынаны білдіреді. Осы Флавий Сенатор 442—443 жылдары император Феодосий Екіншінің тапсырысымен Аттила еліне жіберілген елшілікті басқарған. Осы елшіліктің құрамында жонан-ұрым тілінде хат танып, жаза білетін Приск те болған. Кейінде Аттила Константинополь басшыларына елшілік жіберуін әмір еткенде оның құрамына Нома, Анатолий және Сенаторды кіргізуді тапсырған. Константинополь арғу-ғұн басшысының бұл талабын орындамай, елшілік құрамына тыңшылыққа ыңғайы бар адамдарын тықпалаған.

Флавий Сенатор Константинополь елшісі ретінде бірер рет қана Аттиланың алдын көрген. Сенатордың арғу-ғұн көсемімен кездескеннен алған әсерін өзінің “Готтар тарихы” атты еңбегіне жазып кетсе керек. Өкінішке орай, Флавий Сенатордың бұл жазбасы плагиатор Иорданның қолына тигеннен кейін ұшты-күйлі жоғалыпты.

Иордан кітабында тағы бір тарихшы — Аблавийдің (Әулиеге жуық этноним) есімі аталып, оның еңбегін пайдаланғанын еске алады. Аблавий туындысы да Иордан қолына түскеннен кейін мүлдем жойылып, ғайып болған.

Аттилаға бірнеше мәрте келген елшіліктің өкілі — Прискінің жазғандарын өз жинағына емін-еркін енгізгенін Иордан еш жасыра алмаған. Бәлкім, остгот компиляторы Прискінің негізгі еңбегін қолды еткен де болар. Әйткенмен кейінгі ғасырларда ұрым елшілігі мүшесі жазбаларының басқа нұсқаларының құрандысы тарих бетіне қалқып шықты. Осы Приск жазбаларының үзіктері арқылы Аттила-Оттылы өмірінің ең бір әсерлі сәттерін көз алдымызға келтіруге болады.

Сонымен, Иордан деген плагиат тонап, еңбегіндегі тарихи деректерді кітабына молынан тоғытқан Приск кім? Аттила жайлы зерттеуші-тарихшылар, көркем ту-

ынды жазушы қаламгерлер бұл есімге соншалық мән бермей, атүсті атап өте шығады. Ақиқатында Приск өз заманының Ұрым мен Румей үшін елеулі еңбек еткен айтұлы азаматы болыпты.

...Рим қаласының шетінен табылған бір мәрмәр тақтада Аттила-Оттылы тарихында елшілік естелік-жазбалары ерекше орын алатын Палатин трибасынан (округынан, бізше айтсақ, ауданынан) шыққан Авл Квинктилий Прискінің кім екендігі бұлтартпас айқын дерекпен анықталған.

Мәрмәр тақтадағы жазуларды мұқият оқыған зерттеуші-ғалымдар Прискінің өз заманында әйгілі адам болғанынан хабардар еткен. Беделді азамат Прискінің ерекше жомарттығын еске ала отырып, сенаторлар Римнің көп алаңдарының біріне оның ескерткіш-мүсінін қоюға құқы бар екендігін жария еткен. Бұл құрмет үшін жұмсалатын өтемақыны ескерткіш-мүсін иесі өз қалтасынан толық төлеген. Ол сенат қаулысына сәйкес мемлекеттен Ценопиан, Ройан, Мамиан және Экзоско жайылымын 70 мың сестерцияға (көне римдік күміс ақша) сатып алады; одан түскен жылдық өнімнің 4200 сестерцийін өзінің туған күні — мамыр айының 10-шы жұлдызында шаһардың қатардағы азаматтары мен күйеулері бар әйелдерге бір фунт (350 грамм шамасында) тәтті тоқаш пен жарты секстария (250 грамм мөлшерінде) ара балын таратуды мойнына алған. Сондай-ақ қаланың ауқатты топ өкілдеріне ара балы, тәтті тоқаш салынған құны 10 сестерция тұратын тоқыма қораптар тарту етуді міндеттенген. Осымен қатар, жас жеткіншектер мен императорларға табынушы топ — севиравгусталдарға 8 сестерция тұратын бал, тәтті тоқаштар таратылатын болсын деп шешім қабылдаған. Мұнымен қатар Приск өз мүсін-портретінің айналасын таза ұстау үшін 30 сестерций бөлген.

Қарапайым халық балаларының, ерікті азаматтар мен құлдардың көп жиналған тұсына 30 моди (262 жарым литр) жаңғақ таратып, 6 көнек (79 литр шамасында) жасөспірімдер ішетіндей, қуаты әлсіз шарап үлестірілсе екен”, — деп ұсыныс жасаған Приск.

Бұл Румей азаматы Прискінің өте ауқатты да жомарт адам болғандығынан хабардар етеді. Аттила-Оттылы туралы жазғандарынан бізге жеткені жайлы әңгіме алдағы күннің үлесі.

## ҚОНЖЫҚ ҚАЛАЙ ОТТЫЛЫ АТАНДЫ?

Сан ғасырлардан бері ел есінде, жұрт жадында, халық аузында ұмытылмай келе жатқан тарихи тамыры терең, шежірелік шындығы ақиқат көне әңгімелерге ықтияттылықпен құлақ түрсеңіз, төмендегідей нәрлі хикаяның куәсі болар едіңіз.

Көне, тыңдап көрелік.

Аттила - Оттылы Қонжық атанған бала күнінде ағайындас аталарының бірі — Сәмірдің қол астында ұсталықпен қатар ағаш шебері өнерін үйренген. Сәмірдің тұрағы Таскескен тауларының ішіндегі бір ақымда болған. Сәмірдің немерелес ағасы — Абық ерен ұста-балғашы, “төсте темір илеуші” деген ел ішіне даңқы кеткен жан. Аттила-Оттылы Сәмірдің ақылынан кейін осы Абықтың ұсталық үңгірінде де бірер жыл өмір сүрген.

Сәмір мен Абықтың ұсталық өнерінде адам күлерлік жайттар мол ұшырасқан. Олар жаңа туған сәби-бөбегі бар үйлерге арналған түбіттер беріп, нәрестелердің зәрін саралап жинатқан. Бөпелердің кәкілерін де ерекше ыдысқа салғызып, өздерінің ақымдарына жеткіздірткен. Мұндай тапсырыстарын орындаған жандарға шеберлер жүзік, білезік, сақина, сырғаларды ақысыз-пұлсыз, кезектен тыс соғып беріп отырған. Сондықтан да бұл екі шебердің де ақымындағы арнаулы ұра-құдықтарда жаңа туған сәбилердің зәрі мен нәжісі ерекше мұқияттылықпен сақталған.

Үш жастан асқан бөбектердің дәреттері қылыш, семсер секілді қаруларды суаруға жарамайды екен.

Осындай шеберлердің арнайы бақылау-қарауында тәрбиеленген Қонжық әуелі кездік жасады. Одан кейін қанжар, содан соң ақынақ, келе-келе селебе, содан барып алдаспан-семсер жасауды ұқыптылықпен үйренді.

Бала жігіт шағында жасаған Оттылы-Аттила семсері Еуропа елдерінің біраз мемлекеттерінде күні бүгінге дейін аңыз болып келеді. Ол семсер — Еуропаның біраз халықтары мен елдері үшін қасиетті де киелі, асыл да аруақты қару.

Аттила-Оттылы семсерін қолдарында ұстау бертінге дейін зор мақсат, үлкен арман болып келгендігі Нибе-

лунг дастандарында Грааль аңыздарымен астасып, үндесіп жатады. Немістер Аттила семсерінің аңызынан Зигфрид қылышы деген де қияли әңгіме-жыр туғызды. Бүгінгі Венгрия ғалымдары Аттила-Оттылы семсері жайлы үлкен ғылыми еңбектер жазып, зерделі зерттеу кітаптарын жариялап та үлгерді. Ауыл-аймағы, әкесі Тарты, атасы Монжық, туыс-жұрағаттары бала Қонжықтың көрікке қу көде мен шала кепкен беде салып, көрік басына төрт тағандап жата қалып қызарған шала шоқты үрлегенін қызықтайтын. Қонжық кеудесіне ауаны толтыра көріктегі шоқты бірақ рет үрлесе болды, от лаулап жана жөнеледі. Үлкендер Қонжықтың осы қылығына мәз болады. Ауылдағы басқа ұсталар да Қонжық баланың көріктегі шоқты үрлеудегі тәсілін арнайы әңгіме етіп, өздерінің ұста дүкендеріндегі шоқты тұтатуға арнайы шақыратын.

Қонжықтың өз ұлыс-аймағындағы ұста дүкендеріндегі көріктің шоғын үрлеу шаруасы он екі-он үш жасына дейін, сонау Данауби өзенінің жағасын жағалап, Көріп-ата тауларын сағалап көшіп жүрген ержүрек нағашысы — аққасқыр қыпшақтардың қолбасшысы Ұлдостың еліне кеткенше толастамады. Есіл-Нұра-Тобыл арасында көшіп жүргенде-ақ кейбір арғу-ғұн тайпаларының басшылары Монжықтың немересі Қонжықты ұсталық дүкендердегі көрік отын жағудың асқан шебері деп танып, Оттылы атай бастаған.

Данауби өзені жағасындағы нағашы жұртына құрамында Қонжық бар керуен алты ай жүріп жетті. Мұнда келгеннен кейін де Қонжық ел аралап, ұсталар мен зергерлерге үйірсектігін қоймады. Ұсталарға барып, көрік басып, балға соқпаған күндері тау-тас кезіп, аң қуып кететінді шығарды. Әсіресе бөріге өш. Бөрі мінез жиенінің бұл қылығын көрген Ұлдос “мұны қалай тәрбиелеймін” деп ойға қалды.

Ұлдос Данауби өзенінің арғы бетінде көшіп жүрген өзінің тайпалас туысы, тіпті Қонжықтың атасы Монжықтың жамағайын жақын інісі — Ұруласқа хабар салып, хат жөнелтті. Ұрулас Қонжықты өз еліне алдыртпады. Бұл елде де Қонжықтың айналсоқтайтын орыны ұста дүкендері, ұсталықтан қолы босаса-ақ болды Көріп-ата тауының шат-



қалдарына кіріп, аю мен қасқыр аулайды. Атасының нәміне байланысты қоңыр монжықтарды қарусыз, күр қолмен бағындыруды әдетке айналдырды. Өз нәміне байланысты аюдың балаларына тиіспейді, көп ретте қоңжықтарды орман-тоғай шетіне апарып қоя беруді әдет етті. Бөрі көрсе, оларды от шашып үркітеді. Арландар азуларын ақситып, қанша ырылдаса да Қонжық қаймықпайды. Қолындағы шолақ сойылмен-ақ ең бетті деген бөріге қарсы бара береді. Мұны көрген Ұрулас Монжық туысына хабаршы жібереді. Қонжықтың жаз бен күздегі қылықтарын ақ лақтың терісіне егжей-тегжейлі тізбектетіп жазғызған Ұрулас Монжықтың немересін “Геспер елінің патшасы Күнөрімге аманатқа жіберсе, қалай қарар еді” дегендей сауал салады.

Сонау Тұран еліне күздің қара суығында кеткен хабаршы көктем шыға Монжықтың хабарымен оралды. Алыстағы туысы мұндағы немересінің Геспер еліне аманатқа баруына толық келісіпті. Тек Күнөрім патшаның еліне аттандырар алдында Қонжықтың есімін “Оттылы” деп өзгертуді ұмытпағайсың деп ескертіпті.

Сонымен қатар Монжық өзінің ортаншы ұлы, Оттылының әкесі Тартының құлан аулап жүріп, жолбарысқа бетпе-бет келіп, мерт болғанын сөз арасында хабарлай салыпты.

Қаратау сілемінде Тарты-Құлан деген мекен кеңес заманында Луговой атанды. Мұнда асыл тұқымды Тұран тұлпарлары өсіріліп келеді.

Ұрулас жамағайын туысының айтқанын екі етпей, өзінің айналасындағы ақсақал-қарасақалдарды жинап, үлкендеріне бас беріп, былайғы халыққа ас беріп, Қонжықтың нәмін Геспер еліне аттандырар алдында алыста — сонау Тұранда жатқан атасы Монжықтың ұйғарымымен Оттылы атап, үлкендердің батасына бас игізіп, жасөспірім бала жігітке семсер сүйгізіп, жиналғандардың көзінше бір уыс Тұран тарысын жегізді.

— Ендігі жерде мұның Қонжық аты ұмытылсын! “Оттылы! Оттылы! Оттылы!” деп үш дүркін кеңірдегімізді соза айқайға басалық, — деді Ұрулас.

“Оттылы!” деген есім айналаға күркірей жайылып, өзен-су, тау мен тасты дүркірей аралап кетті.

## ОТТЫЛЫНЫҢ АРҒЫ-БЕРГІ ТЕГІ

(Далба-ыбанның әңгімесі)

XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген орыс қаламгері Евгений Замятин Аттилаға арнап, бітіре алмай кеткен “Құдіреттің қамшысы” атты романында жасөспірім Аттиланы Ұрым еліне жолға шыққанда бастап жүрген ғұндардың сол тұстағы белгілі ыбаны Далбаның есімін Адолба деп өзгертіп алған. Орыс қаламгері Аттиланың Ұрым елінде аманатта болу кезеңін едәуір көркем суреттеп, әсерлі баяндаған. Адолба біздің елдің топонимындағы Далба есіміне сай келетіндігін ескеріп, осылай атауға бекіндік.

Жонан мен Ұрым елдерінің ақылгөйлері Анахарсисты сөз ете бастаса:

— Анахарсис — ақылды да дарынды адам. Әйткенмен, ол — бие сүті сіңген Сақ елінің өкілі. Одан аулақ жүрген ләзім: Тұран елінің тарпаң жылқысындай, тарпып тастайды: тілі де мірдің оғындай ұшқыр, беліндегі семсердей өткір, — деп жонан мен ұрым фэлсафашылары жақтырмай сөйлейді.

Анахарсис бабамыз осы елдердің дәмін мол татып, туған мекеніне оралғанда өз туыстары мерт етті, — деді Далба сыңар кезін Оттылыға найзадай қадап қарады. Оттылының көкірегі қарс айырылғандай күрсінді.

— Анахарсис бабамызды аяймын! — деді Оттылы.

— Ол жайлы Ұрым елінде әлі көп естисің, — деді Далба.

— Бізден бұрын ол елдерге барған тағы кім бар? — деп Оттылы Далбадан байыппен сұрады.

— Ұлы бабаларыңнан ғажап қолбасшы болған Ығданпұрыс деген атаң өтті. Ығданпұрыс біз бет алған елдерге барған жоқ. Ол өзінің Алтын Алтайы мен Түнжыр Тұранын жаудан өз елінде жүріп-ақ қорғады. Бұл ұзақ әңгіме, жалықпай, зейін қойып тыңдасаң, айтып беремін, — деді Далба.

— Айтыңыз, Далба-ыбан, жол қысқарады. Бұл бір, ертең ұрым патшасының қол астында шәкірт болғанымда қатарластарым менен де “еліңнің айтулы кімі бар?” — деп сұрамай ма? Сонда жауабымның жібі түзу болсын. Далба-ыбан, құлағым сізде, көзім көк аспанда... Оттылы астындағы атының жалын сипап қойды.

Шолақ керуеннің бел ортасында келе жатқан бұл екеуінде басқалардың жұмысы болған жоқ. Далба-ыбан